

Құбырлы көлік арқылы өткізілетін табиғи газдарды кедендік ресімдеудің жерлері туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 10 наурыз N 53-п Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 744. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы N 51 бұйрығымен. ~V011441

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Жарлығының 154 бабына сәйкес батыс және оңтүстік жүйеден құрылған, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы табиғи газдың өтілуін жүзеге асыратын магистральды газ құбырларының орналасу ерекшеліктеріне байланысты

Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтілетін табиғи газды кедендік ресімдеу табиғи газды өткізетін тұлғаны қай жерде тіркелгеніне қарамастан, табиғи газды тұтынуға (жөнелтуге) шығаратын қызмет аймағындағы кеден органдары жүргізісін.

2. Жер астындағы газ қоймаларына құйылатын табиғи газдарды кедендік ресімдеу:

"Базой" - Ақтөбе облысы бойынша Кеден басқармасында жүргізілсін.

"Полторацкое" - Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасында жүргізілсін.

"Ақыр-төбе" - Жамбыл облысы бойынша Кеден басқармасында жүргізілсін.

3. "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ-ның транзитпен және жеке мұқтаждық пен шығынға (ЖМПШ) тасымалданып өткізілетін табиғи газды кедендік ресімдеу:

батыс жүйесі бойынша ("Бұхара-Орал", "Орта-Азия-Орталық", "Одақ", "Мақат-Солтүстік Кавказ", "Орынбор - Новопсковск" газ құбырлары) - Батыс Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасында жүргізілсін;

оңтүстік жүйесі бойынша ("Бұхардың газ айдау аудандары -

Ташкент-Бішкек-Алматы", "Газли-Шымкент" газ құбырлары) - Алматы қаласы

бойынша Кеден басқармасында жүргізілсін.

4. Осы бұйрықтың мәтіндік мәліметі кеден басқармаларына, кедендерге жеткізілсін.

5. Бұйрықтың орындалуын қадағалау Энергиялық қорларға кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасына (А. Садықов) жүктелсін.

Төраға міндетін атқарушы

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.